

FTAXP 16.21.25
ӘОЖ 378.147

<https://doi.org/10.46914/2959-3999-2025-1-1-57-63>

КОМЕКОВА С.О.,*¹

п.ғ.м., аға оқытушы.

*e-mail: skomekova@orleu-edu.kz

ORCID ID: 0009-0000-3595-6625

¹«Өрлеу» БАҰО АҚФ,

Алматы қаласы бойынша

Кәсіби даму институты,

Алматы қ., Қазақстан

ПЕДАГОГТЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ МЕДИАСАУАТТЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада «медиасауаттылық», «ақпараттық сауаттылық», «медиамадениет», «медиабілім беру» ұғымдарына теориялық талдау жасалып, педагогтердің ақпараттық және медиасауаттылығын арттыру мәселелері қарастырылады. Ақпараттық технологиялар мен медианың білім беру жүйесіндегі рөлі артып отырған заманда педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру қажеттілігі айқындалады. Автор, ақпараттық көздердің жеке тұлғаны ақпараттандыру және дамытудағы маңыздылығын ескере отырып, педагогтердің медиасауаттылығын қалыптастырудың, сондай-ақ ақпарат көздеріне сыни талдау жүргізудің қажеттілігін атап өтеді. Мақалада педагогтерге ақпарат пен медианы тиімді пайдалану жолдары, сондай-ақ, біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтердің медиасауаттылығын дамыту әдістері сараланған. Сонымен қатар, педагогтердің медиасауаттылығын арттыруға арналған оқу бағдарламасы ұсынылған.

Тірек сөздер: ақпараттық құзыреттілік, медиасауаттылық, медиабілім, біліктілікті арттыру, педагогтер, сыни ойлау, цифрлық құралдар.

Кіріспе

Жаһандану дәуірінде педагогтердің медиасауаттылығының маңызы артып келеді, ал медиа білім қазіргі ұрпақтың күнделікті өмірінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Әлемде медиа білімнің дамуы Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ЮНЕСКО ұйымына (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization) және ЮНИСЕФ Халықаралық Төтенше Балалар Қорына (UNICEF – United Nations International Children's Emergency Fund) қатысты Грюнвальд Декларациясы қабылданғаннан бері бастау алды [1]. Бұл медиа білім берудің құқықтық негіздерін құруға үлкен үлес қосты, Бала құқықтары туралы декларация, Бала құқықтары туралы конвенция қабылданды.

Президентіміз Қасым Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы Жолдауында көрсетілген «мемлекеттік саясаттың бағыттарына сәйкес білім беру саласындағы стратегиялық міндеттердің бірі – Қазақстанды IT-елге айналдыру, болашақ ұрпаққа медиа сауаттылық дағдыларын меңгеру қажеттігін» атап өткен болатын [2].

Қазіргі кезде педагогтердің біліктілігін арттыруда ақпараттық және медиа технологияларды тиімді пайдалану дағдыларымен қамтамасыз ету өзекті мәселе болып отыр. Педагогтер тек білімді ғана емес, сонымен қатар, ақпаратты дұрыс талдай білетін, өз білімін үнемі жаңартып отыруға қабілетті болуы тиіс.

Ақпараттық және медиасауаттылықты дамыту педагогтер үшін оқыту үдерісінде инновациялық әдістерді енгізуге, оқу материалдарын тиімді ұйымдастыруға және білім алушылардың сыни ойлау қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл дағдылар педагогтердің ақпараттық кеңістікте дұрыс бағытта жұмыс істей білуіне, өз қызметінде инновацияларды жүзеге асыруға ықпал етеді. Қазіргі ақпараттық қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес педагогтердің ақпараттық және медиасауаттылығын дамыту білім беру сапасын арттырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Бұл мақалада педагогтердің ақпараттық және медиасауаттылығын дамыту жолдары қарастырылады, теориялық және практикалық мәселелер талданады.

Материалдар мен әдістер

Шет елдік ғалымдар мен қатар, отандық ғалым зерттеушілерінің еңбектеріне талдау жасалды. Шетелдік ғалымдардың арасында медиабілім, медиа мәдениет және медиатеchnология мәселелеріне арналған зерттеулермен танылған Вэнс Паккардтың (Медиабілім қажеттілігі), Маршалл Маклюэннің (Медианы түсіну, Гутенберг галактикасы), сондай-ақ Эрнест Л. Бойердің (медиа сауаттылық тұжырымдамасы) еңбектері ерекше орын алады [3]. Педагогтердің медиа сауаттылығының маңызы және оның білім мен тәрбиедегі рөлі зерттеліп, қарастырылған еңбектер, олардың ішінде, А.М. Ержанова жаһандық трансформация және бұқаралық коммуникацияның маңыздылығына тоқталған [4], Л.С. Ахметова, А. Вережкин Қазақстандағы медиабілім: теориясы мен практикасын зерделеген [5]; Қ.Ө. Есенова қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматика мәселелеріне қатысты тұжырымдар жасаған [6]; Е.Ж. Масанов медиамәдениеттегі адам мәселесі туралы [7]; П.Б. Сейтқазы болашақ мұғалімдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың ғылыми-теориялық негіздерін жасаған [8]; А.А. Ташетов болашақ педагог-психологтардың сыни ойлауын дамытуда медиа ресурстарды пайдаланудың ғылыми-тәжірибелік зерттеулерін жүргізген [9].

Зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда теориялық, педагогикалық-психологиялық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу, талдау әдісі, эмпирикалық, сауалнама, әңгімелесу және т.б. зерттеулер бойынша алынған нәтижелерді өңдеу, талдау, жинақтау, статистикалық әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі уақытта Қазақстан педагогтерінің кәсіби біліктілігіне интеграцияланған медиа сауаттылық білімінің маңызы зор. Бұл ретте, әрбір педагог цифрлық жүйелерді тиімді пайдалану үшін оны қолдану мәдениеті, медиа сауаттылық ережелері мен тәртібін, сондай-ақ, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі қажет.

ЮНЕСКО материалдарында медиабілім бұқаралық коммуникация құралдарын тиімді қолданудың теориялық және практикалық дағдыларын игеруге бағытталған жалпы педагогикалық білімнің маңызды бөлігі ретінде сипатталған. 2002 ж. ЮНЕСКО ұйымдастырған халықаралық конференцияда медиабілім әрбір адамның ақпаратқа қол жеткізу құқығы және өзін-өзі көрсету қабілетімен қарастырылған [4]. Медиабілім және ақпараттық сауаттылық адамдарды білім және дағдылармен қаруландырады.

«Медиа» деген сөз ағылшын тілінен енгізілген. Ол «бұқаралық ақпарат құралдары» деген мағынаны береді. Телевизия, радио, газет және интернет секілді ұғымдардың жиынтығын білдіреді. Ал, «медиамәдениет» дегеніміз - тұлғаның медиа саласында жаңа білімдерді меңгеру қабілеті мен жұмыс жасауда тәртіп-ережесін дұрыс қолдану [5].

Көптеген мұғалімдер медианы көбінесе көрнекілік ретінде пайдаланады, оның дидактикалық және тәрбиелік әлеуетін толық түсінбеуі мүмкін. Медиа сауатты, медиамәдениетті педагогтерді мақсатты түрде даярлау, ақпаратты қабылдау дағдыларын дамыту, сондай-ақ визуалды образдардың вербалды көшірмелерін құрастыру қабілеттерін жетілдіру қажет. Сонымен қатар, олар ақпараттың мазмұндық ерекшеліктерін терең түсініп, оны практикада қолдану дағдыларын меңгеруі тиіс. Бұл педагогтердің ақпараттық құзыреттілігі мен ақпаратпен жұмыс істеу деңгейлерін арттыруға ықпал етеді.

Педагогтердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру міндеттеріне кіреді:

- ♦ медиамәтіндерді (медиа ақпарат) түсініп әртүрлі тәсілдермен тәжірибе жасау, медиа контенттер дайындауға үйрету;
- ♦ медиа хабарламалардың ақпараттық мазмұнын түсініп талдау, қабылдау;
- ♦ тұлғалардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту (вербалды, вербалды емес);
- ♦ сыни ойлау және ақпараттың сапасын бағалау қабілетін дамыту;
- ♦ медиа құралдар, ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың көмегімен шығармашылық тұрғыда өз көзқарасын білдіру қабілетін шыңдау [5].

Педагогтердің ақпараттық және медиа сауаттылығын дамыту білім беру жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі болып табылады (1-кесте).

Кесте 1 – Ақпараттық және медиасауаттылық

АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ (компьютерлік сауаттылық + ақпарат жазу және өңдеу қабілеті)	МЕДИА САУАТТЫЛЫҚ (медианың әр түрінде ақпаратты талдау, бағалау және жасау қабілеті)
Ақпаратты тану ақпараттың түрлерін, формаларын және көздерін анықтау, олардың сенімділігін бағалау. Мәліметті сыни талдау және ақпараттық көздердің ықпалдарын тану.	Мазмұнды сыни талдау Медиа хабарламаларының мақсатын, жасаушысын, ықпалдарын және сенімділігін талдау.
Ақпаратты басқару Ақпаратты жинау, ұйымдастыру, сақтау және тарату. Ақпаратқа тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ету, қажетті мәліметтерді іздеу және табу.	Медиа тілін түсіну Медиа тілінің (кадрлар, дыбыс, музыка) және олардың аудиторияға ықпалын түсіну.
Ақпаратты қолдану Ақпаратты жаңа білімдерді алу, шешім қабылдау және проблемаларды шешу үшін қолдану. Ақпаратты этикалық және жауапкершілікпен қолдану.	Медианы қолдануды басқару Медианы саналы және тиімді тұтыну. Уақытты дұрыс басқару және медианың тәуелділігінен аулақ болу.
	Медиа өндірісін меңгеру Жеке тұлғаның медиа мазмұнын жасау, тарату және жариялау қабілеттерін дамыту.
Ескертпе: Автормен құрастырылған.	

Қазіргі таңда көптеген педагогтер ақпараттық құралдарды пайдалануға қабілетті бола тұра, оларды сыни талдауы, медианы қолдану және дұрыс бағалауы жеткіліксіз. Ақпараттық сауаттылықтың негізі – ақпаратты іздеу, өңдеу, талдау және оны дұрыс пайдалану қабілеті. Медиасауаттылық болса, медиаарналар арқылы берілген ақпаратты сын тұрғысынан қабылдап, дұрыс бағалауға үйрететін дағды. Заманауи педагогикада бұл екі дағдының өзара байланысы маңызды рөл атқарады. Алайда, көптеген педагогтер әлі де ақпараттық және медиасауаттылықты оқыту үдерісінде қолдана алмайды. Бұл, бір жағынан, мұғалімдердің біліктілігін арттырудың жеткіліксіздігінен туындаса, екінші жағынан, қазіргі технологиялар мен медианың өзгеріп тұратын сипатынан болуы мүмкін. Осылайша, зерттеу барысында педагогтердің ақпараттық және медиасауаттылығын дамытуға бағытталған арнайы тренингтер мен оқу бағдарламаларының қажеттілігі айқындалды.

Зерттеу мақсаты мен міндеттеріміз:

- ◆ педагогтердің ақпараттық және медиасауаттылығын дамыту жолдарын зерттеу;
- ◆ педагогтердің ақпараттық және медиасауаттылық деңгейін бағалау;
- ◆ педагогтердің ақпараттық және медиасауаттылығын арттырудың тиімді әдістерін анықтау.

Зерттеу әдістемесінде зерттеуші-ғалымдардың жұмыстары зерделеніп, педагогтер арасында сауалнамалар жүргізілді және осы сауалнама аясында педагогтердің қажеттіліктері анықталды, бірнеше оқу орындарында нақты жағдайлар қарастырылды. Сауалнамаға әртүрлі пән бойынша 100 педагог қатысты. Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі 31–55 жас аралығындағы педагогтер, бұл топтың пән мұғалімдері арасында ақпараттық және медиасауаттылыққа деген қызығушылығы жоғары екенін көрсетті. Сонымен қатар, жастардың да қатысуы ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу деңгейінің жоғары екенін білдіреді.

Сіздің медиасауаттылық деңгейіңіз қандай?

- ◆ жоғары: 10%;
- ◆ орташа: 65%;
- ◆ төмен: 25%.

Көптеген педагогтердің медиасауаттылығы орташа деңгейде, бұл медиасауаттылықты дамыту үшін арнайы курстар мен тренингтердің қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, педагогтердің 25%-ы медиасауаттылық деңгейін төмен деп бағалаған, бұл осы бағытта білімдерін жетілдірудің маңызды екенін білдіреді.

Педагогтердің медиасауаттылығы мен ақпараттық дағдыларын арттырудағы ең маңызды факторлар қандай?

- ♦ кәсіби даму курстары: 70%
- ♦ мәдениетаралық коммуникация: 15%
- ♦ инновациялық оқыту құралдарын қолдану: 50%
- ♦ ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану: 55%

Кәсіби даму курстары педагогтер үшін ең маңызды фактор ретінде көрсетілді. Инновациялық оқыту құралдарын қолдану мен ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану да маңызды деп саналды.

Зерттеу нәтижелері педагогтер арасында медиасауаттылық пен ақпараттық дағдыларды дамытуға бағытталған білім беру курстарының қажеттілігін айқындады.

Педагогтердің ақпараттық және медиасауаттылығын дамытудың жолдары қарастырылды. Атап айтсақ, тренингтер мен курстар өткізу, онлайн ресурстар мен оқу материалдарын қолдану, ақпараттық және медиасауаттылық бойынша қосымша білімдерін жетілдіру, жаңа технологияларды қолдану және әлеуметтік желілердегі ақпаратты бағалау дағдыларын жетілдіру маңызды болып табылды. Ақпараттық және медиасауаттылықтың педагогтер үшін маңызды екенін ескере отырып, бұл дағдыларды дамытуға бағытталған арнайы бағдарламалар мен курстар оқу орындарында енгізілуі тиіс. Осыған орай, зерттеу нәтижесінде Өрлеу БАҰО АҚФ ҚДИ аға оқытушылары зерттеу нәтижелеріне талдау негізінде педагогтердің қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған 40 сағаттық «Педагогтердің медиасауаттылығы» тақырыбында біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын әзірледік.

Кесте 2 – «Педагогтердің медиасауаттылығы» бағдарламасы

№	Бағдарлама мазмұны	
1	БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ, НОРМАТИВТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ Оқыту нәтижесі: медиасауаттылық саласында нормативтік құжаттарды қолдану дағдыларын жетілдіру (медиа-анықтама)	Бірінші модуль бойынша оқыту білім беру жүйесінде медиатеchnологияларды қолдану бөлігінде мемлекет заңнамасын қарауды көздейді. Бұл педагогтерге өздерінің оқытушылық қызметінің белгілі бір салаларында медиасауаттылық технологияларын қолдануға мүмкіндік береді.
2	ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ Оқыту нәтижесі: тәрбие процесінде медиатеchnологияларды қолдану бойынша білім мен дағдыларын арттыру (білім алушыларды тәрбиелеудегі мотивациялық технологиялар мен әдістердің каталогы)	Екінші модуль педагогикалық психологияның аспектілерін, медиатеchnологияларды қолдану арқылы Тындаушыларды ынталандыруды қамтиды. Бұл аспектілер педагогтер үшін жаңашылдық болып табылады, өйткені аудиториямен жұмыс істеудің және қолдау көрсететін білім беру ортасын құрудың заманауи әдістерін қамтиды.
3	БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ӘДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ Оқыту нәтижесі: медиа кеңістік арқылы білім алушылармен өзара іс-қимыл дағдыларын өзектендіру (білім беру медиа-жобасы)	Үшінші модульде оқу-тәрбие процесінде медиасауаттылық технологияларын қолданудың әртүрлі тәсілдері, соның ішінде Бағдарламаға жаңашылдық беретін сабақтарда қолдану үшін медиа кеңістікте танымдық контент құру көрсетілген.
4	ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ Оқыту нәтижесі: сабақтарда медиасауаттылықтың цифрлық технологияларын пайдалану дағдыларын дамыту (онлайн-қосымшалардағы педагогтердің кейстері)	Төртінші цифрлық модуль жасанды интеллект құралдарын, медиатеchnологиялармен кешенді гаджеттерді қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім берудегі цифрлық технологиялардың қарқынды дамуын ескере отырып, осы модульді қосу бағдарламаға өзектілік пен жаңалық береді.
5	ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ДАМУ Оқыту нәтижесі: әлеуметтік желілерде парақшалар құру дағдыларын жетілдіру (әлеуметтік желідегі педагог парақшасы)	Соңғы модуль педагогтердің зерттеу және жобалау құзыреттілігі мәселелерін қамтиды, атап айтқанда, әлеуметтік желілерде педагог бейнесінің моделі қарастырылады.
Ескертпе: Автормен құрастырылған.		

Бағдарламаның мақсаты – педагогтердің білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінде медиасауаттылық технологияларын тиімді қолдану дағдыларын дамыту. «Педагогтің медиасауаттылығы» біліктілікті арттыру курсының Бағдарламасы білім беру ұйымдарының педагогтерін оқытуға арналған.

Педагогтің медиасауаттылығы бойынша білім беру бағдарламасы медиа өнімді тұтыну және құру, ақпаратты сыни талдау, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру және әлеуметтік-мәдени этика нормаларын игеру бойынша негізгі дағдылар мен білімдер кешенін дамытуға бағытталған.

Барлық модульдердің мазмұны педагогке оқыту үшін медиасауаттылық технологияларын қолданудың өзіндік стратегиясын құруға мүмкіндік береді. Талдау көрсеткендей, білім беру бағдарламаларының көпшілігі медиасауаттылық құзыреттілігін дамытуға аз көңіл бөле отырып, оқытудың дәстүрлі аспектілеріне бағытталған. Ал, бұл бағдарлама бойынша оқыту медиа білім беру саласында педагогтерді оқытуға жүйелі және кешенді тәсілді ұсыну, педагогтерді оқытуда медианы тиімді пайдалануды дайындауға ғана емес, сонымен қатар, қазіргі қоғамның ақпараттық жағдайында жалпы білім беру сапасын арттыруға көмектеседі. Педагогтер күнделікті сабаққа дайындалу барысында қазіргі балалар гаджеттерді, соның ішінде әлеуметтік желілер мен медиа кеңістіктерді пайдалануға көбірек дайын екенін әрқашан есте ұстауы керек. Бұл оқу бағдарламасында білім алушылардың мүдделерін ескере отырып, медиасауаттылық құралдарын пайдалану арқылы педагогтерді оқыту дағдыларын жақсарту үшін білім беру жүйесінде медиатеchnологияларды қолдануды реттейтін мемлекеттің заңнамалық талаптарын оқыту көзделген. Сондай-ақ, педагог білім алушы үшін ерекше маңызды, беделді болуы қажет және оның әлеуметтік желілердегі бейнесі осыған ықпал ететін фактор екендігі ескеріледі.

Бағдарламада білім беру процесі әртүрлі оқыту әдістеріне негізделген:

- ♦ оқу геймификациясы – педагогтердің мотивациясын ынталандыру және оқуды қызықты әрі интерактивті ету үшін курстық оқыту кезінде ойын элементтерін құру (квесттер, ұпайлар, марапаттар және жарыстар);
- ♦ жобалық оқыту – педагогтер әлемде медиатеchnология білімін қолдануды талап ететін нақты жобалармен немесе міндеттермен жұмыс жасайтын әдісті қолдану;
- ♦ жеке оқыту – әр педагогтің жеке қажеттіліктері мен білім деңгейін талдай алатын, содан кейін оқу процесіне жекелендірілген материалдар мен тапсырмаларды бере алатын адаптивті технологиялар мен бағдарламалық жасақтаманы пайдалану;
- ♦ толықтырылған және шынайы виртуалды технологияларын қолдана отырып оқыту – педагогтерге әлеуметтік желілердегі коммуникацияның нақты жағдайларын түрлендіруге мүмкіндік беретін арнайы қосымшаларды немесе платформаларды енгізу;
- ♦ өз бетінше жұмыс істеуге арналған интерактивті онлайн-платформалар – курс тыңдаушылары басқа педагогтармен қарым-қатынас жасай алатын, тесттер мен тапсырмаларды тапсыра алатын, сондай-ақ нақты уақыт шеңберінде кері байланыс ала алатын мамандандырылған білім беру платформаларын пайдалана алады.

Қорытынды

Педагогтердің ақпараттық және медиасауаттылығын дамыту білім беру жүйесінің сапасын арттырудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл дағдыларды қалыптастыру мен дамыту мақсатында тиімді әдістерді іздестіру және оларды педагогикалық қызметке енгізу қажеттілігі аса маңызды. Ақпараттық және медиасауаттылық қазіргі қоғамда білім беру процесінің тиімділігін арттыруда, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуда және олардың заманауи ақпараттық кеңістікке бейімделуіне ықпал етеді.

Педагогтер мен білім беру қызметкерлеріне арналған арнайы тренингтер мен оқу бағдарламалары, біліктілікті арттыру курстары ақпараттық және медиасауаттылықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл бағытта жүргізілетін зерттеулер әрі қарай жалғасын тауып, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, оқу үдерісін сапалы әрі нәтижелі ету мақсатында жаңа білім технологияларын тиімді пайдалану дағдыларын меңгеру қажет. Зерттеу нәтижелері мен тәжірибелік тапсырмалар педагогтерге ақпараттық және медиасауаттылық дағдыларын дамытуға және оларды кәсіби қызметінде қолдануға мүмкіндік береді. Сондықтан да, педа-

гогтердің үздіксіз біліктілігін арттыруға ерекше назар аудару қажет, себебі бұл білім беру жүйесінің дамуына және болашақ ұрпақтың ақпараттық қоғамда табысты болуының негізін қалайды.

Зерттеу жүргізу барысында келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

Біріншіден, ақпараттық қоғам жағдайында медиасауаттылықты дамытуға негіз болатын медиабілімнің Қазақстан мен шетелдерде даму тарихы, негізгі сипаттамалары, мақсаттары мен міндеттері, теориялық тұғырлары мен ұстанымдары анықталды және «педагогтердің медиасауаттылығы» ұғымының мәні, оның қазіргі кезеңдегі рөлі айқындалды.

Екіншіден, педагогтердің медиасауаттылығын дамыту жолдары қарастырылып, тәжірибеде қолдану әдістері сараланды. «Педагогтердің медиасауаттылығы» атты біліктілікті арттыру курс бағдарламасы әзірленіп, оқу-әдістемелік кешені жасақталды. «Педагогтердің медиасауаттылығы» педагогтердің біліктілігін арттыру оқу бағдарламасы мен оқу әдістемелік кешені сараптамадан өтіп, ҚР Оқу-ағарту министрілігінде бекітілді.

Сонымен қатар, педагогтердің медиасауаттылығын арттыру жұмыстарын әрі қарай дамытуға бағытталған бірнеше ұсыныстар жасалды:

- ♦ «Педагогтердің медиасауаттылығы» біліктілікті арттыру курсы аясында оффлайн және онлайн форматында курстан кейін қолдау және шебер сыныптар мен семинарлар ұйымдастыру;
- ♦ педагогтердің медиа және ақпараттық сауаттылығын, медиамәдениетін арттыруға бағытталған әдістемелік нұсқаулық әзірлеу.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Jones S., Johnson A. Teaching Media Literacy in the Digital Age // Journal of Educational Technology. 2020, no. 15(2), pp. 101–120.
- 2 ҚР Президентінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы». – 2023.
- 3 Жеңіс М. Қазіргі медиабілімнің даму жолдары // «Медиабілім беру және киберәлеуметтену» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 215–218 бб.
- 4 UNESCO. The Seville Recommendation // Youth Media Education. – Paris: UNESCO, 2002.
- 5 Медиа ақпараттық сауаттылық: мұғалімдерге арналған ресурстық кітап. – Астана, 2018.
- 6 Ержанова А.М. Массовые коммуникация и их влияние на глобальные трансформации культуры: дис. ... докт. филос. наук: 24.00.01. – Алматы, 2010. – 257 с.
- 7 Ахметова Л.С., Веревкин Т.Ю. и др. Медиаобразование в Казахстане: учебно-метод. пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 254 б.
- 8 Баймулытдинова А.Ш. Медиа-развитие в Казахстане: взгляд в современность // Түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі. ХҒТК материалдары. – Алматы, 2013. – 247–249 бб.
- 9 Блум Б. Taxonomy of Educational Objectives. New York: David McKay Company, 1956.
- 10 Исаева Г.Р., Сулейменова Л.Т. Ақпараттық және медиасауаттылықты дамыту // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2021. – № 12(3). – 45–50 бб.

REFERENCES

- 1 Jones S., Johnson A. (2020) Teaching Media Literacy in the Digital Age // Journal of Educational Technology, no. 15(2), pp. 101–120. (In English).
- 2 QR Prezidentiniñ «Ädiletli Qazaqstannyñ ekonomikalyq bağdary» atty Qazaqstan halqyna Joldaуy». 2023. (In Kazakh).
- 3 Jeñis M. (2014) Qazırgı mediabilimniñ damu joldary // «Mediabilım beru jäne kiberäleumettenu» atty halyqaralyq ғылыми-тәжірибелік konferensia materialdary. Almaty: Qazaq universiteti, 215–218 pp. (In Kazakh).
- 4 UNESCO. The Seville Recommendation // Youth Media Education. Paris: UNESCO, 2002. (In English).
- 5 Media aqparattyq sauattylyq: mūğalımderge arnalğan resurstyq kitap. Astana, 2018. (In Kazakh).
- 6 Epzhanova A.M. (2010) Maccovye kommynikaciya i ih vlijanie na global'nye tpancformacii kyl'typy: dic. ... dokt. filoc. nayk: 24.00.01. Almaty, 257 p. (In Russian).
- 7 Ahmetova L.S., Verevkin T.Ju. i dr. (2013) Mediaobrazovanie v Kazahstane: uchebno-metod.posobie. Almaty: Қазақ universiteti, 254 p. (In Russian).

- 8 Bajmul'tdinova A.Sh. (2013) Media-razvitie v Kazahstane: vzgljad v sovremennost' // Tırkilerdin әлемdik әrkenietke қосқан үlesi. HFTK materialdary. Almaty, 247–249 pp. (In Russian).
9 Blum B. Taxonomy of Educational Objectives. New York: David McKay Company, 1956. (In English).
10 İsaeva G.R., Suleimenova L.T. (2021) Aqparattyq jәne mediasauattylyqty damytu // Qazaq tılı men әdebiatı. No. 12(3). 45–50 pp. (In Kazakh).

КОМЕКОВА С.О.,*¹

м.п.н., ст. преподаватель.

*e-mail: skomekova@orleu-edu.kz

ORCID ID: 0009-0000-3595-6625

¹ФАО «Өрлеу»,

Институт профессионального

развития по г. Алматы,

г. Алматы, Казахстан

ИНФОРМАЦИОННАЯ И МЕДИАГРАМОТНОСТЬ ПЕДАГОГА

Аннотация

В статье проводится теоретический анализ понятий «медиаграмотность», «информационная грамотность», «медийная культура» и «медиаобразование». Рассматриваются актуальные проблемы повышения информационной и медиаграмотности педагогов. В условиях стремительного развития информационных технологий и медиа в системе образования очевидна необходимость совершенствования профессиональных компетенций педагогов. Автор акцентирует внимание на значимости критического анализа информационных источников и развитии медиаграмотности как важного компонента профессиональной деятельности педагога. Рассматриваются пути эффективного использования медиа и информации в образовательном процессе, а также методы формирования медиаграмотности в системе повышения квалификации. В заключение представлена учебная программа, направленная на развитие информационной и медиаграмотности педагогов.

Ключевые слова: информационная компетентность, медиаграмотность, медиаобразование, повышение квалификации, педагоги, критическое мышление, цифровые инструменты.

KOMEKOVA S.O.,*¹

m.p.s., senior lecturer.

*e-mail: skomekova@orleu-edu.kz

ORCID ID: 0009-0000-3595-6625

¹JSC Örleu,

Institute for Professional Development

Almaty City Branch,

Almaty, Kazakhstan

INFORMATION AND MEDIALITERACY OF A TEACHER

Abstract

This article provides a theoretical analysis of the concepts of «media literacy,» «information literacy,» «media culture,» and «media education.» It addresses the current issues of improving information and media literacy among educators. In the context of the rapid development of information technologies and media in the education system, the need for enhancing the professional competencies of educators is evident. The author emphasizes the importance of critical analysis of information sources and the development of media literacy as a key component of a teacher's professional activity. The article explores ways of effectively using media and information in the educational process, as well as methods for fostering media literacy within the framework of professional development. The article concludes with an educational program aimed at developing the information and media literacy of educators.

Key words: information competence, media literacy, media education, professional development, teachers, critical thinking, digital tools.